



Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шартты бекіту жөнінде

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 қараша N 287-І

Алматыда 1997 жылғы 8 сәуірде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы
арасындағы Мәңгілік достық туралы
Шарт

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 3, 31-құжат)
(1999 жылғы 22 маусымда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 83 бет)

Бұдан әрі қарай "Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын
Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы,

ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи тамырлары мен мәдениет, тіл және дәстүр ортақтастығы бар екі мемлекет халықтарының бауырластығы, достығы және өзара түсіністігі рухында жан-жақты ынтымақтастықты дамыту үшін қажетті негіз құруға ұмтыла отырып,

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы бауырластық, достық және тату-тәтті көршілік қарым-қатынастарды нығайту екі мемлекет халықтарының түпкілікті мүдделеріне сай келеді деп санай отырып,

БҰҰ Жарғысының, Хельсинки Қорытынды Актісінің және ЕҚЫҰ шеңберінде қабылданған өзге де құжаттардың принциптері мен мақсаттарына өздерінің адалдығын қуаттай отырып,

Біртұтас экономикалық кеңістік шеңберінде екі елдің экономикалық ынтымақтастығын тереңдету, одан әрі қарай да оны дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, барлық меншік үлгісіндегі шаруашылық субъектілері арасында тікелей байланыстар орнату қажет деп санай отырып,

олардың арасында қалыптасқан бауырластық, достық және ынтымақтастық қатынастарын одан әрі қарай дамыту және оларды жаңа сапаға көшіру мақсатында, мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-бап

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы бауырлас және достас мемлекеттер бола отырып, өз қарым-қатынастарын өзара түсіністік, жан-жақты ынтымақтастық және өзара сенім негізінде құрады.

2-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің де тәуелсіздігін, егемендігін құрметтеу, аумақтық тұтастығы мен шекараларының мызғымастығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпаушылық, тең құқықтылық және өзара тиімділік принциптері негізінде қарым-қатынастарын белсенді түрде дамытуға бел буғандықтарын қуаттайды.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өздерінің мемлекеттік шекараларының қазіргі кездегі әкімшілік-аумақтық шектелуі негізінде өтуін таниды.

3-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бірлескен, келісілген қорғаныс саясатын жүргізуде, аймақта бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін өзара бірлескен іс-әрекетті қамтамасыз етуде ынтымақтасуға міндеттенеді.

4-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар мемлекетаралық қатынастарында күш қолданбауға немесе күш қолдану қатерін туғызбауға, екінші Тарапқа қарсы бағытталған одаққа кірмеуге, өз позицияларын үйлестіру және Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысына төнген қатерді жою жөнінде шаралар қабылдау мақсатында халықаралық қауіпсіздіктің барлық мәселелері жөнінде шұғыл түрде консультациялар өткізуге міндеттенеді. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың біреуіне қарсы басқыншылық әрекеті болған жағдайда екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарап оған әскери көмекті қоса алғанда, қажетті көмек көрсетеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзінің аумағын, коммуникациялар жүйесі мен басқа да инфрақұрылымдарын үшінші мемлекеттердің екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тарапқа қарсы қарулы басқыншылық немесе өзге де дұшпандық қызмет әзірлеу немесе жүзеге асыру мақсатында пайдалануына жол бермеуге міндеттенеді.

5-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар жан-жақты көмек көрсете отырып, ең бірінші кезекте тәуелсіздігі мен егемендігіне, аумақтық тұтастығы мен тәуелсіз саясат

жүргізуіне қатер төндіруді болдырмау мәселелерінде екі жақты ынтымақтастықты дамытатын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар әскери салада екі жақты ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады және олардың арасында әскери мәселелер бойынша жасалған келісімдерді барынша тиімді түрде жүзеге асыру үшін қажетті шараларды қабылдайды, қажет болған жағдайда оларды жанартатын, сондай-ақ жаңа келісімдер жасасатын болады.

6-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар аймақтағы бейбітшілікті нығайту, тұрақтылық пен қауіпсіздікті күшейту мақсатында өзара бірлесіп әрекет етеді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ұжымдық қауіпсіздікті нығайтуға, сондай-ақ БҰҰ, ЕҚЫҰ-ның бітімгершілік рөлін күшейтуге және Тараптардың мүддесін қозғайтын аймақтық шиеленістер мен өзге де жағдайларды реттеу механизмдерінің тиімділігін көтеруге жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда бірлескен немесе келісілген іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында осы салаларда өз позицияларын үйлестіріп отырады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар тұрақты негізде өзара мүдделі мәселелер жөнінде консультациялар өткізеді.

7-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысын өзінің аумағында тұратын екінші Тарап азаматтарына олардың ұлтына, дініне немесе басқа да өзгешеліктеріне қарамастан, адам құқығы туралы жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларға сәйкес әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасының аумағында тұратын қырғыздардың және Қырғыз Республикасының аумағында тұратын қазақтардың ұлттық мәдениеті мен тілін сақтау және дамыту құқығын қамтамасыз етеді және осы саладағы ынтымақтастықты дамытады.

8-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар ауқымды негізде және ұзақ мерзімдік перспективаларды ескере отырып және барынша қолайлы жағдайларда екі жақты экономикалық, сауда қатынастарын, ғылым, мәдениет, білім, технология және қоршаған ортаны қорғау салаларындағы байланыстарды дамытуға жәрдемдеседі.

Осы мақсатта Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі ел арасында тауарлардың, қызметтер мен капиталдың кең ауқымды және тиімді алмасуына бірте-бірте көшу үшін қажетті құқықтық, экономикалық, қаржы және сауда жағдайларын жасайтын болады. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бірінші кезекте өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, туризм, байланыс пен телекоммуникация және энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайтатын болады.

9-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар тұрақты консультацияларды, экономика, ғылым және техника салаларындағы ақпарат және тәжірибе алмасуларды көтермелейтін, сондай-ақ барлық деңгейдегі байланыстардың кеңейе түсуін қолдайтын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бірлескен қаржы-өнеркәсіп топтарын, холдинг және лизинг компанияларын құру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру қажет деп біледі. Олар өндірістік, инвестициялық, банк және коммерция салаларындағы ұлттық капиталдар ынтымақтастығының прогрессивтік нысандарын дамытуға жәрдемдесетін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өздерінің ұлттық заңдарына сәйкес екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың жеке адамдары мен заңды тұлғаларына өз аумақтарында кәсіпкерлік және өзге де шаруашылық қызметтер үшін тиімді құқықтық, экономикалық және қаржы жағдайларын қамтамасыз ететін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы мақсатта жасалған, келісімдер негізінде өзара инвестицияларды көтермелейтін және олардың қорғалуын қамтамасыз ететін болады.

10-бап

Екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың аумағындағы бір Мәртебелі Уағдаласушы Тарап мүлкінің құқықтық тәртібі, егер олардың арасындағы басқа келісімде өзгеше жағдай көзделмеген болса оның меншік нысанына қарамастан мүлік орналасқан Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың заңдарымен реттеледі.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағында екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың меншік құқығын қорғауға кепілдік береді.

11-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қолайлы және өзара тиімді жағдайларда көлік қатынасы, тауарлар транзиті және қызмет көрсетулерді дамыту саласында ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар өздерінің трансазиялық темір жол және автомобиль магистральдарын қалыптастыруда, сондай-ақ транзиттік тасымалдар саласында ынтымақтастықты дамытуда өздерінің экономикалық потенциалын пайдалану қажеттігін растайды.

12-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі елдің мәдениет және білім мекемелері арасындағы байланыстарды, сондай-ақ мамандармен алмасуларды көтермелейтін болады. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз азаматтарына екінші Мәртебелі Уағдаласушы Тараптың тілін, мәдениетін, өнер, әдебиет шығармаларын және баспасөзін оқып-үйренуге кең мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

13-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар халықтың денсаулығын қорғау ісінде, медицина ғылымы мен практикасын дамытуда, оның материалды-техникалық базасын нығайтуда ынтымақтасады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бір Тараптың бірегей және арнайы медициналық сауықтыру мекемелерін екінші Тарап азаматтарының емдеу және консультациялық көмек алуы үшін пайдалану мүмкіндігін және құқығын сақтайды.

14-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы саладағы екі жақты және көп жақты шарттарға сәйкес әрекет ете отырып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге

басым мағына береді.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар қоршаған ортаның ластануына жол бермеу және табиғатты ұтымды пайдалану үшін қажетті іс-шараларды қабылдайды. Олар бірлескен арнайы табиғатты қорғау бағдарламалары мен жобаларын әзірлеуге және жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы халықтың тұрмыс-тіршілігі

үшін қауіп-қатер төндіретін экологиялық апаттар мен табиғи құбылыстары кезінде екінші Тарапқа шұғыл жәрдем көрсетеді.

15-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бір-бірінің дипломатиялық, консулдық, сауда және басқа да ресми өкілдіктерінің қызметін өзаралық негізде барынша жеңілдетеді. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қатысатын іскер адамдардың, журналистер мен мамандардың жұмысы мен тұруының тиісті жағдайларын қамтамасыз етеді.

16-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар екі елдің парламенттері арасындағы байланыстардың әрі қарай кеңеюіне жәрдемдесетін болады.

17-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар облыстар, аудандар мен қалалар, жергілікті өкімет органдарының өкілдері арасындағы байланыстар мен ынтымақтастық екі жақты қарым-қатынастарға жаңа ауқымдар мен мағына беретініне сенімді бола отырып, бұндай ынтымақтастықтың дамуын көтермелейтін болады.

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар шекаралас аумақтар тұрғындарының арасындағы байланыстардың кеңеюіне жәрдемдесетін болады.

18-бап

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар терроризммен, ұйымдасқан қылмыспен, есірткі құралдар мен психотроптық заттардың заңсыз айналымымен, қару-жарақ контрабандасымен, мәдениет құндылықтарының заңсыз сатылуы мен шетелдерге орын ауыстыруларымен, құқыққа қарсы іс-әрекеттер, қылмыстың өзге де түрлерімен айналысу нәтижесінде алынған кірісті рәсімдеумен күрес саласында ынтымақтасатын болады. Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласуға байланысты оқиға-жанжалдарды халықаралық келісімдерде белгіленген принциптер негізінде реттейтін болады.

19-бап

Осы Шарт үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және ешбір нысанда

Мәртебелі Уағдаласушы Тараптардың басқа мемлекеттермен қазіргі бар екі жақты және көп жақты келісімдерінен туындайтын қандай да бір құқықтары мен міндеттемелеріне қатысы жоқ.

20-бап

Осы Шарт күшіне енгеннен кейін Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қарым-қатынастарда 1993 жылғы 18 маусымда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы Шарт күшін жояды.

21-бап

БҰҰ Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Шарт БҰҰ Хатшылығына тіркелуі тиіс.

22-бап

Осы Шарттың ережелерін іске асыру мақсатында Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар, қажет болған жағдайда, жекелеген келісімдер жасасатын болады.

23-бап

Өзара уағдаластық бойынша Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Шартқа тиісті хаттамалармен ресімделетін толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады.

Толықтырулар мен өзгертулер оларды екі Тарап бекіткеннен кейін күшіне енеді және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

24-бап

Қажет болған жағдайда, Мәртебелі Уағдаласушы Тараптар осы Шарт ережелерін түсіндіру және қолдану мәселелері жөнінде консультациялар мен келіссөздер жүргізеді.

25-бап

Осы Шарт бекітілуі тиіс және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт белгісіз мерзімге жасалды.

Алматы қаласында 1997 жылғы 8 сәуірде екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру мақсаты үшін Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланады.

Қазақстан
Республикасы үшін

Қырғыз
Республикасы үшін

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК